“Мені қалай қабылдайды?“: жастардың ашық сөйлеуден қорқуының себебі неде?

Кейде жастардың үнсіздігі келісімнің емес, қорқыныштың белгісі болуы мүмкін. Бүгінде қоғамдық орындарда немесе ғаламторда өз пікірін айтуға мүмкіндігі бар жас көп, бірақ сол мүддені бәрі бірдей пайдалана бермейді. “Қате айтып қойсам ше?”, “басқалар мен туралы не ойлайды?”, “мені сынап тастамайды ма?” деген сұрақтар адамның ойын іште сақтауына себеп болады. Бұл мәселе әсіресе жасөспірімдер мен жастар арасында өзекті, өйткені дәл осы кезеңде адамның көзқарасы, әлеуметтік ортасы және өзіне деген сенімі қалыптасады.

Әлемде 15 пен 24 жас аралығындағы жастардың саны 1,2 миллиардтан асады. Бұл - қоғамның елеулі бөлігін құрайтын үлкен әлеуметтік топ. Бұл буынның өз ойын ашық жеткізуі тек жеке тұлғаның еркіндігіне емес, қоғамдағы пікір алуандығына да әсер етеді. Сондықтан олардың неліктен кейде үнсіз қалатынын түсіну маңызды. Психологтар мен әлеуметтанушылар бұл құбылысты жан-жақты зерттеп, оның негізгі факторларын бірнеше себеппен түсіндіреді.

Біріншіден - сәтсіздікке және ұятқа қатысты қорқыныш. Орталық Азия елдерінде "ұят болады" және "жұрт не дейді?" деген қалыптасқан қағидалар әлі де өз ықпалын жоғалтқан жоқ. Нақтырақ айтқанда, қате сөйлеу немесе көпшілік алдында күлкіге қалу тек жеке тұлғаның ғана емес, бүкіл әулеттің абыройына нұқсан келтіруі мүмкін деген үрей бар. Жалпы алғанда, Криг пен Сюйдің Азия құрлығын қамтыған жаһандық мета-анализіне сүйенсек, қарастырылған ғылыми еңбектердің 87,5 пайызында бұл аймақ буынының әлеуметтік мазасыздық деңгейі Батыс құрдастарынан айтарлықтай жоғары екені дәлелденген. Мұндай құбылыстың қалыптасуына адамның ішкі сенімсіздігі де әсер етеді. Егер жасөспірім кішкентай күнінен “дұрыс сөйле”, “артық кетпе” немесе “үлкендердің сөзін бөлме” деген шектеулермен өссе, уақыт өте келе оның бойында қатал ішкі тыйым орнайды. Нәтижесінде, сырттан ешкім кедергі жасамаса да, адам өз көзқарасын ашық білдіруге батпайтын "өзін-өзі бұғаттау" деңгейіне жетеді.

Екіншіден - әлеуметтік желідегі психологиялық қысым. Виртуалды әлемде байқаусызда айтылған қате пікір үшін адамды жаппай кінәлау өте жылдам жүреді. Мысалы, біреудің бейнежазба астындағы пікірі өзгеге ұнамай қалса, оны оңай ақ жерден алып, жерге салып жатады. Нәтижесінде, әлеуметтік желілер пікір алмасу алаңынан кибербуллинг ошағына айналады. Бұл адамдардың желідегі еркіндігін шектеп, кез келген қателік үшін қоғамнан шеттетілу қорқынышын тудырады

Үшіншіден - жинақталған сезімдердің сыртқа тебінуі. Бұл құбылыстың психологиялық құрылымын тереңірек талдасақ, шынайы өмірдегі әлеуметтік қысым, күйзеліс пен шектеулер санада ұзақ уақыт бойы қаттала береді. Ал желідегі анонимділік пен экран артындағы қауіпсіздік осы үйілген ауырлықтың сыртқа шығуына таптырмас мүмкіндік береді. Сәйкесінше, виртуалды кеңістіктегі кез келген бейтаныс жанның кішігірім қате пікірі өзгелердің бойындағы ызаның жарылыс нүктесіне айналады. Яғни, адамдар

қарсы алдындағы тұлғаны емес, өздерінің іште басылып қалған реніштерін ақтарып салады

“Жас буынның өз ойын ашық айтуға қорқуының негізгі психологиялық себептері қандай?” - деген сауалға әлемдік әлеуметтану мен жан жүйесін зерттеу ғылымының негізгі тұжырымдары былай деп жауап береді: Неміс әлеуметтанушысы Элизабет Ноэль-Нойманның ресми дәлелдеген “Үнсіздік шиыршығы” теориясына сүйенсек, басты себеп - көпшіліктен оқшаулану мен шеттетілу үрейі. Өскелең ұрпақ өз айналасына өте тәуелді қауымдастық. Егер адам жеке пікірінің көпшілік ағымына қарсы екенін сезсе, ортадан қуылып, жалғыз қалмау үшін саналы түрде үндемеуді таңдайды. Яғни, бұл - жеке жасқаншақтық емес, қоғамда өзгеше ойлайтындарды қабылдау мәдениетінің төмендігінен туындайтын қорғаныс амалы. Егер біз ғаламтордағы жаппай айыптаулар мен шынайы өмірдегі сыни қысымды азайтпасақ, іште тұншыққан сезімдер жеке тұлғалық дағдарысқа және рухани енжарлыққа әкеледі.

Түйіндей келе, жас буынның өз ойын еркін жеткізе алмауына тек бір ғана себеп әсер етпейді. Бұған іште қатталған сезімдер де, отбасы және қоршаған ортамен қарым-қатынас та тікелей ықпал етеді. Жас буынның ашық сөйлеуінен сескенбеу қажет. Керісінше, олардың батыл үні - дамыған қоғам мен жарқын болашақтың басты кепілі. Бүгінгі қоғамда ғаламтор кеңістігінде өз көзқарасыңды жасқанбай білдіруге әркімнің бірдей батылы жете ме?

Ерсланқызы Аружан